

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№32
(954)

Бейсенбі, 11 тамыз 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады



ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

Айыртау ауданы

1996 жыл

№1. 6.01.1996 ж. «Жеңіс старты». Шучье қаласында биатлоннан Қазақстан Республикасының чемпионаты болып өтті. Маусымды Мурашко Эллина жеңіспен бастады. Команда бойынша сайыста ол құрбыларымен бірге екеуінде де жеңіске жетті. Содан кейін ол Финляндия мен Норвегияда өткен Әлем кубогы кезеңінде жақсы өнер көрсетіп, үнемі орын алып және үздік отыздыққа еніп отырды.

№5. 3.02.1996 ж. «Жолаушылар қызметіне». 5 ақпаннан бастап жолаушылар қызметіне Көкшетауға немесе Куйбышев ауылына баратындарға жас кәсіпкерлер ақылы маршрут ашты.

«Сатып ал да, сауда жаса». Аудан тұтынушылары кеңесінде нысандарды сауда жүйесімен арзандатып сату жүзеге асырылуда.

№6. 10.02.1996 ж. «Нан арзандады». Елецкое ауылының тұрғындарына аудан орталығынан келетін нанды енді күтудің қажеті жоқ. Олар нанды өз ауылдарындағы наубайханадан әлі ыстық күйінде де ала алады. Бұл жерден нанды Колесниковка, Междоузье ауылдарына жеткізеді.

№7. 17.02.1996 ж. «Цех өнім береді». «Нан тамаша». Қаратал ауылының тұрғындары жергілікті наубайханадан шығатын нанды осылай бағалайды.

№8.23.02.1996 ж. «Үздік хатшы – Қараталда». Қаратал селолық округінің хатшысы Қ.Жүнісова селолық округ хатшыларының облыстық байқауында бірінші орныға ие болды.

№32. 20.07.1996 ж. ««Феникс» ЖШС-нің дәрілері». Шағын аудандағы өндірістік дүкендегі жаңадан ашылған дәріхана пунктінде кең көлемдегі дәрілердің үлкен таңдауы бар.

№33. 3.08.1996 ж. «Чемпиондар Сырымбетте». Өткен бейсенбіде Айыртау ауданына біздің жерлесіміз, шаңғы спортынан әлем чемпионы, Олимпиада ойындарына қатысушы Владимир Смирнов келді. онымен бірге ауданымызға шаңғы спортының әлемдік жұлдыздары, норвегиялық Б.Дели мен В.Ульванг келді. Қонақтар Сырымбеттегі Шоқан Уәлиханов мұражайында да болды.

№36. 17.08.1996 ж. «Әкім күні». Өткен аптада Елецкий селолық округінде әкім күні болып өтті. Аталмыш шараны өткізу соңғы екі айда қалыпты жағдай болып отыр. Бұл осымен төртінші әкім күні.

«Көшіп келгендерге паспорт берілді». Айдың басында Моңғолиядан Айыртау ауданына көшіп келген жұмысшы топ азаматтықты рәсімдеу мен 106 отбасының тұрақтау мерзімін ұзарту мәселелері бойынша ауданымызда болды. Кәмелет жасына толғандарға паспорт тапсырылды.

№40. 14.09.1996 ж. «Жаңа қауымдастық құрылады». Облыста тұтынушылар құқығын қорғайтын қауымдастық ашылды. Ол сатушылар тұтынушыларға сапалы тауар жеткізуді бақылап отырады.

№47. 2.11.1996 ж. «Жүргізуші куәлігін ауыстыру». Айыртау ауданаралық емтихан алу пункті МАИ жүргізуші куәлігін бірегей халықаралық стандартқа сай жүргізуші куәлігіне ауыстыру жүргізіліп жатыр.

№53. 14.12.1996 ж. «Қатарымыз азайып бара жатыр». 1996 жылдың 1 қаңтарындағы есепке сәйкес, аудан тұрғындарының жалпы саны 45200 адамды құрады, ол өткен жылмен салыстырғанда 4965 адамға кем.

Аудандық «Айыртау таңы» газеті. 1996 жыл

ТАҒАЙЫНДАУЛАР



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) **Ф.Мүсірепов** атындағы ауданның аумағы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ауданаралық бөлімінің басшысы болып **ЕРЛАН БОЛАТҰЛЫ ЖАҚАНОВ** тағайындалды.

Осы тағайындауға дейін ол Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Арнайы іздестіру басқармасының бөлім басшысы болып қызмет етті.

* * *

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 15-бабының 1-тармағына, 27-бабының 5-тармағына, 29-бабының 1-тармағына сәйкес Айыртау ауданы әкімінің өкімімен **АЙДЫН САПАРБЕКҰЛЫ ҚАЗЖАНОВ** аудан әкімінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар келігі, автомобиль жолдары және құрылыс мәселелері жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

Осы тағайындауға дейін ол Айыртау ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы болып қызмет етті.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Ф.Мүсірепов атындағы ауданның аумағы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ауданаралық бөлімінің азаматтарды қабылдау кестесі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) **Ф.Мүсірепов** атындағы ауданның аумағы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ауданаралық бөлімінің басшысы **ЖАҚАНОВ ЕРЛАН БОЛАТҰЛЫ** - күнде сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

Мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы, **Ф.Мүсірепов** атындағы ауданы, Новошым селосы, Абылай хан көшесі, 63 үй.
Байланыс телефоны: 8 (71535) 20-462.

Оңтүстіктен солтүстікке

КӨШ КӨЛІКТІ БОЛСЫН, АҒАЙЫН!

Ұлттық экономика министрлігіне қарасты Статистика комитетінің мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстандағы халық саны 17 миллион 733 мыңнан асқан. Әлбетте, еліміздегі өмір сүрудің жайлылығы, саяси тұрақтылық, әлеуметтік қолдауға екінің бірінің нәтижесінде туу көрсеткіші өсіп, елге көшіп келушілер саны да артқан. Оның үстіне сарапшылар тура осы қарқынмен Қазақстан халқы 2030 жылға қарай 20 миллионнан асады деген болжам жасап отыр. Енді қараңыз, осы болжамға халық санының 50 пайыздан астамы оңтүстік өңіріндегі бес облысқа ғана тиесілі екен. Ал осы кезең ішінде Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарында керісінше халық саны кемі түсетіні болжам. Елдегі ішкі көші-қон саясатын өзгертпей осы қалыпта ұстап тұрар бол-



са, солтүстіктегі халық санының төмендей беретіні айтпаса да түсінікті. Бұл өз кезегінде осы облыстарда жұмыс күшінің жетіспеушілігін тудырады. Жұмыс күшінің аздығы экономикалық нәтижелерге жеткізеді. Жұмыс күшінің аздығы экономикалық нәтижелерге жеткізеді. Жұмыс күшінің аздығы экономикалық нәтижелерге жеткізеді.

Сондықтан ел Үкіметі «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасына арнайы тармақ енгізіп, бұл мәселені шешудің оңтайлы жолдарын белгіледі. Ондағы мақсат - ел азаматтарын, әсіресе, халқы тығыз, жұмыссыздығы басым оңтүстік тұрғындарын жұмыс күші тапшы өңірлерге қарай көшіріп, экономикалық тұрғыдан қолайлы етіп орналастыру. Жоба сәтпен жүзеге асса, қоғамдағы бірқатар өзекті мәселенің түйіні таратылмақ. Атап айтар болсақ, біріншіден, екі қолға бір күрек таппай жүрген жұмыссыздар саны азаяды. Екіншіден, солтүстіктегі тұралап тұрған демографияға жан бітеді. Яғни, қоныстандыру есебінен өңіріміздегі халықтың саны артып, туу көрсеткіші жақсара түсетіні анық. «Әр балаңыз өз несібесі бар» деп есептейтін оңтүстіктен келгендердің бір-екі баламен шектеліп қалмайтыны тағы да ақиқат.

Өткен жылы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ерік Сұлтановтың шақыртуымен облысымызға оңтүстік өңірден арнайы делегация келген еді. Сол сапарда екі облыс арасында келісілген меморандумға сәйкес, оңтүстік тұрғындарын солтүстікке қоныстандыру мәселесі зерделенген болатын.

2016 жылы біздің ауданымызға оңтүстіктен 7 отбасы қоныстанып, олардың 6-уы Нижнеборлық ауылдық округіне қарасты Жақсы-Жалғызтау ауылына Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданы мен Шымкент қаласынан қоныс тепкен еді.

Өткен аптада аудан әкімі Ағзам Тастеміров оңтүстіктен келген ағайындардың тыныс-тіршілігімен танысу мақсатында арнайы Жақсы-Жалғызтау ауылында болып, әр отбасы мүшелерімен кездескен кезде оларға арнайы бағалы сыйлықтар сыйлады.

Қоныс тепкен оңтүстік ағайындар баспанамен қамтамасыз

етіліп, әр отбасына «Бабық-Борлық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан 1 бас ірі қара мал мен бес бас қойдан берілген. Сонымен қатар бірқатар отбасы мүшелері аталмыш серіктестікте дөңкерлеуші, жүргізуші, механизатор мамандықтары бойынша жұмыспен қамтылса, шаруашылық қоныстанған отбасыларына мал азықтарымен және отын-көмірмен қамтамасыз етуді қолға алып отыр. Осы уақыт аралығында қоныстанған ағайындарымыз да жай жатпай, қолдан таңдыр наң самса, бауырсақ пен құрт пісіріп, жергілікті халыққа сатып нәпақаттарын табуда. Мектеп жасындағы оқушылар аудан орталығындағы мектеп-интернатта тұрып, Саумалкөл қазақ орта мектебінде білім алмақшы. Болашақта бала санының көбеюіне орай ауылдағы жабылып қалған бастауыш мектеп қайта жанданбақшы.

Көшіп келемін дегендерге шаруашылық басшылары зор ынты білдіруде. Келгендердің көпшілігі ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жатыр.

Солардың бірі, 34 жастағы Әнуар Есенбаев зайыбы Нүрия екеуі отбасында 4 бала тәрбиелеп отыр. Айдана және Қарақат есімді қыздары мектеп жасындағы оқушылар, олар аудан орталығындағы мектеп-интернатқа орналастырылып қазақ орта мектебінде оқитын болады. Ал кейінгі Ұлсезім мен Дәрия мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер. Отағасы Әнуар мал шаруашылығын жандандырып, бау-бақша өсіруді де қолға алмақшы. Қазіргі уақытта отағасы «Бабық-Борлық» серіктестігіне механизатор болып орналасыпты.

Оңтүстік өңірден қоныс аударған ағайындарымыздың болашақтағы жоспарлары шұрайлы солтүстіктің жерінде көкөніс егіп, жылыжай кешенін жандардыру, мал шаруашылығымен де айналысуды көздеп отыр. Жалпы, олардың осы өңірге сіңісіп кетуіне жұмыспен қамту мекемелері барынша көмек көрсетуде.

«Елге ел қосылса - құт!» дейді халқымыз. Жерлестеріміз теріскейге қоныс аударып, адал еңбектерімен өңірімізді көркейтуге атсалысып, өздері де береке тапса, мұнан артық не керек?! Олай болса, көш көлікті болсын ағайын!

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерді түсірген автор.



Қазақстан Тәуелсіздігіне – 25 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН ҚАТАР КӨРКЕЙГЕН...

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Бұл күнге сан ғасыр бойы армандап жеттік. Тәуелсіздікке қан төгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізіп, елімізді әлемнің өркеніетті мемлекеттерінің қатарына қостық. 25 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз.

Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша. Өйткені біз Тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді және ділімізді қайта оралттық. Сол Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, яғни, 1994 жылдың 1 қыркүйегінде аудан орталығында алғашқы Саумалкөл қазақ орта мектебі есігін айқара ашты.

Мектеп негізін қалаған сол кездегі тәжірибелі, білімді ұстаздар қашан да мектеп абыройын жоғары көтеріп, шәкірттерінің білім көкжиегінде еркін самғауына талмай еңбек етті. Міне, сол уақыттан бері 22 жыл өтіпті. Бұл айқындалған мақсат жолында болашаққа қарай дами беретін мектеп үшін аз да емес, көп те емес. Жиырма екі жылда бар қажыр-қайратын, күш-жігерін мектеп игілігі үшін арнаған басшылар мен ұстаздар әрдайым ұйымшыл болатын. Содан бері мектебімізді басқарып, талай жетістіктерге жеткізген мектеп басшылар да аз емес. Ал ұстаздық міндетті зор жауапкершілікпен көтере жүре мектептің толайым табыстарға жетуіне себепші болған ұлағатты ұстаздарды да жеткілікті. Ұстаздардың алдындағы бірден-бір келелі міндет – ұйымшылдықты сақтай отырып, білім беру мен тәрбие ісін ізгілендіру, шығармашылық орта арқылы жұмыс сапасын арттыру,



кәсіби шеберлік, зияткерлік, мәдени-шығармашылық дәрежесі, мектеп беделін көтеру болды. Үлкен міндетті зор жауапкершілікпен көтере білгеннің нәтижесінде мектеп талай жетістіктерді бағындыра отырып, бүгінгі таңда бес жүзге тарта оқушы мен елу төрт ұстаздың ордалы қара шаңырағына айналып отыр. Мектебіміздің төсбелгісі, арнайы күнделігі бар. Мектеп төсбелгісінің мазмұны «ата-ана, мектеп, оқушы» байланысын ашады, ал арнайы күнделігіміздің мұқабасы мектептің айтулы мерекелеріне байланысты түсірілген сан түрлі суреттермен толығады.

Мектебіміздің алдына қойған мақсаты да қазіргі қоғамға негізделуде, яғни қазіргі заман талабына сай жан-жақты, білімді, тәрбиелі, алған білімін өмірде қолдана алатын шығармашыл тұлға қалыптастыру. Осы мақсат жолындағы ұстаздар еңбегі ерқашан өз жемісін беріп отыр. Мектеп беделін көтерген айтулы-айтулы жетістіктер осының дәлелі. Әр жылда мектеп оқушыларының «Алтын Белгі» иегері болып отыруы да мектебіміздің дәстүріне айналып, бүгінгі күнге дейін 6 түлегіміз бар. Бүгінгі таңда әрқайсысы еліміздің жоғары оқу орындарында білімін шыңдап, жоғары қызметтер атқарып келеді. «Болашақ» бағдарламасы бойынша алыс, жақын шетелдерде білім алған түлектеріміз де – мектеп мақтаныштары. Метаев Дархан – Ұлыбританияның Оксфорд университетінің, Мусин Арман – АҚШ-тың Аризона университетінің түлектері. Қазіргі уақытта екі шәкіртіміз де Астана қаласында ірі ведомстволарда қызметтерін жалғастыруда. Мектеп түлектерінің көпшілігі тәуелсіз еліміздің болашағын нығайту үшін, тыныштығын сақтау үшін әскери оқуларды таңдауды әдетке айналдырған. Педагогикалық оқуларға да соңғы жылдары мектептің көп мұғалімдері қатысып, өз кәсіби шеберліктерін жетілдіріп келеді. Оқушылардың білімділік, біліктілік дағдыларын қалыптастыру мақсатында мұғалімдер өздерінің авторлық бағдарламаларын ұсынып, іс-тәжірибелерін таратып жүр. Мысалы, бастауыш пәні мұғалімі Ақсейнеп Бәйтенова, география, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Арман Бықсыбаева, Сая Қажыкеновалардың еңбектері елеусіз қалған жоқ. А.Бәйтенова мен С.Қажыкенованың авторлық бағдарламалары Астана қаласындағы «Оқыту мен дамыту» орталығы ұйымдастырған республикалық ұстаздар байқауында I Дәрежелі дипломмен марапатталды. Математика пәнінің мұғалімі Бибігүл Ысмағұлова – математика мұғалімдерінің I республикалық байқауының қатысушысы, аудандық «Алтын кілт» байқауының II Дәрежелі диплом иегері. Сонымен қатар басқа ұстаздар облыстық және аудандық байқаулардың жүлдегерлері.

Мектебіміздің психологтары Алтынай Жаманғарина «Ең үздік жыл психологы» атты республикалық байқаудың «Ең үздік эссе» аталымының иегері болса, Әсемгүл Азбергенова «Үздік психологтардың кабинеті» облыстық байқауының жеңімпазы. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ерлан Шәймергенов «Айыртау барысы» қазақ күресінің жеңімпазы.

Мектеп беделі оның шығармашылық ұстаздары мен білімді шәкірттерінің еңбегімен өлшенеді. Шәкірттеріміз әр түрлі республикалық, облыстық сайыстарға қатысып, өз білім деңгейлерін көрсетіп келеді. Соның ішінде мек-

теп түлектері Тілегенова Айкүміс республикалық XIV Абай оқуларының жеңімпазы, Нәжкенов Айдын республикалық XV Абай оқуларының сертификат иегері. Құлтанов Байболат – Атырау қаласында өткен республикалық IV Махамбет оқуларының жеңімпазы, III Дәрежелі диплом иегері. Ал мектебіміздің биылғы түлегі Нәжкенов Айдын Алматы қаласында өткен I Республикалық Бауыржан оқуларының «Алаштың айыбы – Б.Момышұлы» тапқырлық таныту аталымының III орын жеңімпазы, ҚР Жазушылар Одағында 2015 жылдың 4-7 сәуірінде өткен республикалық «Құлақтан кіріп бойды алар...» ән-жыр байқауының II Дәрежелі диплом иегері. Сондай-ақ көптеген оқушыларымыз облыстық деңгейдегі

жарыстардың жеңімпаздары атанды.

Ерекше дарындылық қабілеттерімен жылма-жыл «Абай – Шәкәрім», «Мағжан», «Махамбет» оқуларында жүлделі орындармен марапатталып жүрген Есматова Аружан, Байман Айгүл Найзабек Ақтотылар да барша ұжымның белке ұстарлары. Мектебіміздің өзіндік, ширақ, креативті оқушыларынан құралған «Айыртау арландары» КВН командасы 2013 жылы республикалық «Жайдарман-2013» ойынына қатысып, «Қазақстан» КВН Одағының Президентінің III Дәрежелі дипломымен марапатталды. «Мектеп – қасиетті білім ордасы, интернат – оқушының екінші үйі» дегендей, мектебіміздің жанынан 2003 жылы интернат ашылғанда да алыс-жақын ауылдар тұрғындарының ризашылығын ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес еді. Бүгінгі таңда бұл интернатта 60-қа тарта оқушыларымыз тәрбиеленуде.

Биыл тәуелсіздігімізге 25 жыл. Осы 25 жылдықпен қатар біздің мектебімізге де 22 жыл толып отыр. Жиырма екі жылдық қуаныштың белгісі ретінде мектеп тарихы жаңа беттермен толығуда.

Қазіргі қоғамда қолға алар ісіміз – ұрпақ тәрбиесі мен терең білім беру болғандықтан, ерқашан болашаққа деген сенім бізді алға жетелейді. Білім мен ғылым жолында жеткен осындай жетістіктеріміз аудан басшыларының назарына ілігіп, 2013 жылы «Үздік мектеп – 2013» номинациясында, 2014 жылы Айыртау аудандық білім бөлімінің «Үздік ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс» номинациясында, 2015 жылы «Үздік абаттандырылған мектеп» номинациясында Құрмет грамоталарымен марапатталдық. XX ғасыр басында А.Байтұрсынов: «Мектептің жаны – мұғалім, мұғалім қандай болса, мектеп нәм сондай болмақшы...» деп айтып кеткен екен. Міне, мектебіміздің жүрек тынысы болған осындай тәжірибелі, шығармашыл ұстаздардың адал еңбегі мен бала көкірегіне құя білген жарық сәулесі ел үшін қызмет етіп жүрген және әр жерде білім алып жатқан тамаша тұлғаларды туындарды. Алғаш ашылғанда 100 оқушыға да жеткізе алмаған мектебімізде бүгіндері 500-ге тарта оқушының білім алуы, жылма-жыл оқушыларымыздың санының артуы, мұғалімдеріміздің кәсіби біліктіліктерін үздіксіз шыңдап отыруы, дарынды оқушыларды шығару, облыс, республика көлеміне танылып, мектеп ұжымының үлкен жетістік көрсетулері – әр саумалкөлдіктің мақтанышы. Бұның бәрі Тәуелсіздік арқылы жеткен жетістіктеріміз деп қазіргі таңда толыққанды айта аламын.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» - деген сөзін басшылыққа ала отыра, Саумалкөл қазақ орта мектебінің ұжымы алдағы кезеңде де тәуелсіз елімізді әлемге таныта-тын, егеменді еліміздің дамуына үлес қосатын нағыз елжанды, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ тәрбиелеуде іргелі білім ошағы ретінде әлі де талай білімдерден көріне беретін сөзсіз.

Ең бастысы, жүрегімізден саналы, білімді ұрпақты тәрбиелеуде ұстаздық рух, дана да, батыр да бас иетін ұлылық өшпесін дегім келеді.

Мендігүл ОЛЖАБАЕВА,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің директоры.

Дөңгелек үстел

МЕДИАЦИЯ – БІТІСТІРУ РӘСІМІ

Медиацация – дауларды шешу тәсілі. Келісе алмаушылықты шешудің басқа нысандарымен ұқсастығы болғанымен, медиацацияның бірнеше маңызды ерекшеліктері бар. Негізгісі – талқылау кезінде бейтарап үшінші тараптың болуы. Ол ешқандай шешім шығармайды, алайда қатысып, проблеманы зерделеп, дауласып жатқан тараптардың өздері шешім қабылдауына ықпал етеді. Қазақстан Республикасының «Медиацация туралы» Заңы 2011 жылдың 8 тамызынан бастап қолданысқа енгізілген.



Осы орайда тамыздың 5-і күні аудандық соттың ғимаратында Айыртау аудандық соттың төрайымы Ажаргүл Шәмшінұрованың төрағалығымен кәсіби емес медиаторлардың қытысуымен «Ашық есік күні» өткізілді.

Аталмыш шараға Володар, Антоновка, Қаратап, Елөцкий және Украин ауылдық округтерінің кәсіби емес медиаторлары қатысты.

Дөңгелек үстел барысында аудандық соттың төрайымы Ажаргүл Маратқызы медиаторлар жұмысының сапасын арттыру және кәсіби емес медиаторларға өз жұмыстарында қолдануға бағытталған ұсынымдарын берді, сонымен қатар қатысушылар ауылдық жерлерде медиацацияны қолданған тәжірибелік әрекетінде шыққан, көбінде ауылдық округтарда медиаторлардың жоғын проблема көтерген сұрақтарды талқылады. Сондай-ақ, сот төрайымы медиатор тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиацация рәсіміне тараптардың тең қатысуын қамтамасыз етуге тиіс екендігін, медиатордың қызметіне мемлекеттік органдардың, басқа заңды, лауазымды және жеке тұлғалардың араласуына жол берілмейтіндігін, медиацация еріктілік, медиацация тараптарының тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, медиацация рәсіміне араласуға жол бермеушілік, құпиялық қағидадары негізінде жүргізілетіндігін айта келе, азаматтық процесс барысында медиацацияның жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген даушарды реттеу туралы келісім дереу іс жүргізуде азаматтық істі қарайтын судьяға жіберілетіндігін, дауды реттеу туралы келісімді сот бекітеді, ал бұл ретте төленген мемлекеттік баж Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне көзделген тәртіппен төлеушіге қайтарылуға тиіс. ҚР АДЖК-тің 247-бабының 4-1-тармағына сәйкес егер тараптар даушарды медиацация тәртібімен реттеу туралы келісімге келсе және соны сот бекітсе, сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтататынын жеткізді.

Іс-шараның соңында дөңгелек үстелге қатысушылар елімізде жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар сот-құқықтық жүйесін реформалуда айтарлықтай нәтижелерге жетуіне әсер еткендігін атап өтті.

Әңгіменің түйініне келе отырып, біздің елде келіспеушіліктерді қарастырудың медиацация сияқты альтернативтік инструментінің дамуы өркеніетті құқықтық кеңістікте әлемнің бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына кіруге деген маңызды қадамдарының бірі болып табылады.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

14 тамыз – Құрылысшы күні

ҚҰРЫЛЫСШЫ – МӨРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Құрылысшы – адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев тамыз айының екінші жексенбісін «Қазақстан құрылысшылары күні» деп жариялаған болатын.



Құрылыс — экономиканың негізгі діңгегі болып келеді. Мемлекет басшысының қолдауымен Тәуелсіздік жылдары елімізде құрылыс саласын дамытуға барынша жағдайлар жасалуда. Отандық құрылыс индустриясы қанат жайып, құрылыс материалдарын шығаратын өндіріс орындары көбейді.

Кейінгі жылдары бүкіл республика бойынша, оның ішінде біздің ауданымызда да құрылыс саласы қарқынды дамуда. Осы ауқымды саланы алға жылжытуда құрылысшылар қазіргі заманға сай білікті де білімді, іскер де қабілетті маман ретінде өзгелерге үлгі-өнеге болып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық деңгейінің артуына айтарлықтай еңбек сіңіруде.

Биылғы жылы Саумалкөлде аудандық Мәдениет үйі, Саумалкөл қазақ орта мектебі жанындағы мектеп-интернаты шатырларының құрылысы, «Родничок» ясли-бақшасының ішкі жөндеу жұмыстары және бұрынғы №2 Володар орта мектебі ғимаратын шағын отбасы жатақханасына қайта жөндеу құрылыстары жүргізілуде. Жатақхана құрылысымен «Колорит Строй» ЖШС-і айналысуда. Биылғы жылы басталған қалпына келтіру жұмыстары 2017 жылдың наурыз айында қолданысқа берілмекші.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы арқылы қолға алынған мектеп-интернаттың шатырын жөндеу жұмыстарымен «Қозыкөш» ЖШС-і айналысуда. Құрылыс жұмыстарына мемлекеттік бюджеттен 28 миллионнан астам қаражат бөлінген. Сонымен қатар осы серіктестік те «Родничок» ясли-бақшасының жөндеу жұмыстарын жүргізуде.

Жалпы 2016 жылы ауданымызда барлық қаржыландыру көздерінен 6990 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беру жоспарлануда.

Бүгінде ауданымыздағы бой түзеген тұрғын үйлерде, еңсе тіктеген емхана-ауруханалар мен білім нысандарында, пайдалануға берілген барлық нысандарда – бәрі-бәрінен құрылысшылардың қолтаңбасы жатыр. Сондықтан құрылысшы еңбегі қашан да құрметке лайық!

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.
Суретті түсірген Мария АНДРЕЕВА.

Реформа

Зейнетақы жүйесін жаңғырту - болашаққа қадам

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан халқына зейнетақы реформасы мәселелері жөніндегі үндеуінде айтылған Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан - 2050: Стратегиясы» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын ескере отырып әзірленді.

Зейнетақы жүйесін модернизациялау зейнет-ақымен қамтамасыздандырудың көп деңгейлі жүйесін сақтай отырып жүзеге асырылатын болады. Қажетті және өзара байланысты өзгерістер базалық деңгейде өткізілетін болады, міндетті – жинақтаушы компонентте, және ерікті деңгейде.

Болашақ түрлендірулер қарттық келген уақыттағы қажетті қамтамасыздық үшін жауапкершілікті мемлекет, жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасында бөлінуін болжай отырып, әрбір қазақстандық мүддесінде жүзеге асырылады. Қазақстанда зейнетақы жүйесін модернизациялау, бір жағынан, оның қолданылған уақыты ішіндегі микроэкономикалық жағдайлардың өзгеруімен, екінші жағынан – солидарлық компонентаны тұжырылуымен (01.01.1998 ж. күнгі еңбек өтілінің азаюы) байланысты зейнетақымен қамтамасыздандыру жүйесіндегі болашақ өзгерістермен байланысты.

Тұжырымдаманың ең басты мақсаттары: біріншіден- зейнетақы төлемдерінің барабарлығын қамтамасыз ету;

екіншіден- зейнетақы жүйесінің қаржылық тиянақтылығын қамтамасыз ету.

Аталған мақсаттарды жүзеге асыру: азаматтардың әлеуметтік қорғау деңгейі үшін мемлекеттің, жұмыс берушінің және жұмысшылардың жауапкершілігін көтеру арқылы қамтамасыз етіледі;

көп деңгейлі зейнетақы жүйесін сақтау және одан әрі дамыту арқылы қамтамасыз етіледі.

Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін мынадай негізгі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілетін болады:

1) базалық деңгейде зейнеткерлер арасындағы кедейлікті азайту және азаматтардың зейнетақы жүйесіне қатысуын ынталандыру мақсатында мемлекеттік базалық зейнетақыларды тағайындау тетігі жетілдіріледі;

2) міндетті деңгейде жинақтаушы құрамдауышы сақталатын болады және жұмыс берушілердің өз қызметкерлерінің пайдасына 5% жарналары есебінен қалыптастырылатын шартты-жинақтаушы қосымша құрамдауышы енгізіледі;

3) қызметкерлердің және/немесе жұмыс берушілердің ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылатын ерікті - үшінші деңгей сақталып, одан әрі дамытылатын болады.

Тұжырымдама 2 кезеңде жүзеге асырылатын болады: Бірінші кезеңде (2016 - 2020 жылдар) құқықтық негіздерді әзірлеу және зейнетақы жүйесін жаңғыртудың бірінші кезектегі шараларын іске асыруды қамтамасыз ету жоспарлануда.

Екінші кезеңде (2020 - 2030 жылдар) жаңғыртылған зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру және салымшылар мен зейнетақы төлемдерін алушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін одан әрі жетілдіру шаралары қабылданып болады.

Жаңғыртылған зейнетақы жүйесі көпдеңгейлі болып табылады.

Бірінші деңгей мемлекеттік бюджет қаражаты (ортақ және базалық зейнетақы төлемдері/ең төменгі кепілдік зейнетақы берілген) есебінен берілетін төлемдерді қамтиды.

Екінші деңгей:

1) қызметкердің өзі жүзеге асыратын міндетті зейнетақы жарналары;

2) еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің пайдасына жұмыс беруші аударатын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары;

3) жұмыс берушінің есебінен шартты-жинақтаушы құрамдауышқа міндетті зейнетақы жарналары есебінен берілетін төлемдерді қамтиды.

Үшінші деңгей ерікті құрамдауыштан тұратын барлық төлемдерді қамтиды.

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін дамытудың негізгі бағыттары

Әлеуметтік жаңғырту идеологиясына сәйкес халықаралық стандарттарда көзделген зейнетақымен қамсыздандырудың ең төменгі кепілдіктерін іске асыру үшін базалық деңгейде зейнетақымен қамсыздандыруды ұйымдастыруға өзгерістер енгізу ұсынылады.

Қазіргі кезде зейнеткерлік жасқа жеткен

1) ортақ жүйенің қатысушысы болып табылатын және/немесе жинақтаушы зейнетақы жүйесіне зейнетақы жарналарын аударатын адамдарға базалық зейнетақы олардың еңбек өтіліне және жалақысына қарамастан біркелкі мөлшерде тағайындалады;

2) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі жоқ және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатыспаған адамдарға жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы беріледі, оның мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50 %-ын құрайды.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, зейнеткерлер арасында кедейліктің алдын алу және еңбекке қабілетті жастағы азаматтардың экономикалық белсенділігін ынталандыру мақсатында 2018 жылғы 1 шілдеден бастап:

1) базалық зейнетақыны азаматтар зейнеткерлік жасына жеткен кезде ғана, сондай-ақ зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты тағайындауға көшуді жүзеге асыру;

2) зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жылдан кем адамдар үшін ең төменгі күнкөріс шамасының 50%-ы мөлшерінде әлеуметтік зейнетақы белгілеу;

3) зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл болса, базалық зейнетақыны ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50%-ы мөлшерінде

белгілеу ұсынылады, ал 10 жылдан асқаннан кейін әрбір жылға оның мөлшері 2%-ға ұлғайтылады және қатысу өтілі 35 жыл және одан көп болса, ол ең төменгі күнкөріс деңгейіне тең болады.

Ұсынылып отырған өзгерістер тек зейнеткерлер арасында кедейлікті азайтуға ғана емес, сонымен қатар азаматтардың еңбекке ынтасын күшейтуге және еңбек қатынастарын заңдастыруға бағытталған. Олар қазіргі зейнеткерлердің де, сол сияқты болашақ зейнеткерлердің де мүдделеріне сай келеді.

Қазіргі зейнеткерлер үшін зейнетақымен қамсыздандырудың ортақ, сол сияқты жинақтаушы жүйелеріне қатысу өтілін ескере отырып, базалық зейнетақыны қайта есептеу жүргізілетін болады.

Бұл еңбек өтілі көп болса да, зейнетке шыққан кезде табыстары туралы мәліметтердің, сондай-ақ заңнамалық тұрғыдан белгіленген шектеулердің болмауына байланысты төмен мөлшерде зейнетақы алатын зейнеткерлер үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыруға мүмкіндік береді. Ортақ жүйеден жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшкен кезеңде (2030 жылға дейін) зейнетке шығатын азаматтар үшін базалық зейнетақы:

1) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жинақталған еңбек өтілің

2) 1998 жылдан кейін жинақтаушы зейнетақы жүйесіне зейнетақы жарналарын төлеу кезеңінде тағайындалады.

Тек жинақтаушы зейнетақы және шартты-жинақтаушы құрамдауышқа қатысушылар зейнеткерлік жасқа жеткен кезде (2030 жылдан бастап) олардың зейнетақы төлемдерінің жиынтық мөлшері зейнетақының ең төменгі әлеуметтік қолайлы деңгейінен төмен болған жағдайда, олар үшін базалық зейнетақыдан ең төменгі көпелдік берілген зейнетақы тағайындауға ету жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, қазіргі зейнеткерлер үшін де, сол сияқты 1998 жылғы 1 қаңтарда кемінде 6 ай еңбек өтілі бар азаматтар үшін де ортақ зейнетақы төлемдері сақталады. Ортақ зейнетақыны тағайындау және төлеу базалық, шартты-жинақтаушы және жинақтаушы зейнетақымен қатар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын болады. Сонымен бірге, ортақ зейнетақы мөлшерін қолданыстағы зейнетақы заңнамасының шарттарында тиімді деңгейде ұстау үшін олардың мөлшері жыл сайын инфляция деңгейінен екі пайызға ілгерілеп, индекстелетін болады.

Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің шартты-жинақтаушы құрамдауышын енгізу

Зейнетақымен қамсыздандырудың барабарлығын сақтау үшін 2018 жылдан бастап зейнетақы жүйесінің жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауышын енгізу ұсынылады. Жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауышында зейнетақымен қамсыздандырудың жинақтау, сол сияқты тарату қағидаттары да бар.

Өздерінің пайдасына жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен қызметкер табысының мөлшерінен есептелетін 5% міндетті зейнетақы жарналарын аударатын қызметкерлер шартты-жинақтаушы құрамдауышына қатысушылар болып табылады.

Шартты міндеттемелерді есепке алу БЖЗҚ-да ашылған жеке шоттарда жүргізіледі.

Жинақтар шартты болып табылады, мұраға қалдырылмайды және жүйеге қатысушының меншігі болып табылмайды.

Жарналар капиталданады және қаржы құралдарына инвестицияланады, бұл ретте кіріс инвестициялық қызметтің нәтижелеріне, сондай-ақ қаржы нарықтарының жай-күйіне байланысты қалыптасатын болады.

Зейнетақы төлемдерін құдық басталатын ең төменгі өтіл 5 жылды құрайды. Белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен кезде ғана төлемдер жүргізіледі.

Зейнетақы төлемдері өмір бойы жүргізіледі.

Зейнетақы төлемдерін индексстеу мөлшері демографиялық құрамдас бөлікке және жүйенің қаржылық көрсеткіштеріне тәуелді болады.

Инфляция деңгейін ескере отырып, жарналардың сақталуы бойынша мемлекеттік кепілдіктер шартты-жинақтаушы құрамдауышына қолданылмайды.

Еңбек жағдайлары зиянды(ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын адамдарды зейнетақымен қамсыздандырудың міндетті кәсіптік схемасын жетілдіру.

Зейнетақы жүйесінің осы сегментіндегі өзгерістердің қажеттігі қолданыстағы жүйенің еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысуына байланысты тәуекелдерді өтемеуіне байланысты. Сондықтан 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналарына қосымша еңбекақы төлеу қорының 5% -ы мөлшерінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) енгізілді.

Бұл ретте жұмыс берушілер өндірістің тек зиянды түрлері бойынша және сонда жұмыс істейтін адамдарға ғана МКЗЖ аударуға тиіс.

Зиянды өндіріс түрлерінің тізбесін және онда жұмыс істейтін қызметкерлер кәсіптерінің тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітті және еңбек жағдайларының өзгеруіне қарай кезек-кезеңімен қайта қаралатын болады.

Еңбек жағдайлары ерекше жұмыс орындары бар жұмыс берушілерді ынталандыру үшін еңбек жағдайларын жақсартқан және жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелері бойынша осындай жұмыс орындарын ынталандырған жағдайда, МКЗЖ жүзеге асырылмайды деп заңнамалық тұрғыдан бекітілген.

Мұның өзі жүйеге үздіксіз (кемінде 30 жыл) қатысқан және жүйелі (жылына 12 рет) аударымдар жасаған кезде зейнетке мерзімінен бұрын шығу үшін қаражаттың жеткілікті болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Н.Ф.КОЛЬ,

еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон Комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің

№1 Зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы.

(Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы кодексінің 584-бабына сәйкес тапсырылды деп саналады, өйткені тапсыру кезеңінде салық есептілігі нысаны өкілетті орган бекіткен үлгіге сәйкес болғаны туралы хабарлайды.

Осыған байланысты Бұйрық күшіне енгеннен кейін (шамамен 5 тамыздан кейін) салықтық міндеттемені орындағанда, жаңа үлгідегі салық есептілігі 2016 жылғы 2 тоқсанға салық есептілігін ұсынбаған салық төлеушілер тапсырады, сол себептен аталған міндеттеме салық есептілігін тапсырып қойған салық төлеушілерге таратылмайды.

Баяндалғанды ескере отырып, ескі форма бойынша ұсынылған салық есептілігін қайтару қажеттілігі жоқ.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.

Кәсіпкерлікке – кең өріс

ҰКП сатып алуларды назарында ұстайды

«Атамекен» ҰКП-да сатып алулардағы жергілікті құрамды арттыру мәселелері бойынша құрылған жұмыс комиссиясының қызметі жөнінде видеоселектор форматындағы кеңейтілген отырыс өтті.

Кеңейтілген отырысқа сатып алуларға жетекшілік ететін ҚР ҰКП-ның, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-ның, өңірлік Кәсіпкерлер палаталары мен бизнес-қауымдастықтың жауапты тұлғалары және арнайы құрылған өңірлік комиссиялардың құрамына енген «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-ның барлық өңірлік еншілес және тәуелді ұйымдарының өкілдері қатысты. Жиында сатып алу рәсімдері мен жұмыс комиссиясының өзекті мәселелері қаралып, ҚР ҰКП-ның құрылған жұмыс комиссияларының қызметін мониторингтеу және қызмет процесін автоматтандыруды енгізу туралы ұсыныстары талқыланды.

«Атамекен» ҚР ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары Елдос Рамазанов ҚР ҰКП-ның ақпараттық жүйесін (ҚР ҰКП-ның ішкі құралы) таныстырды. Ол құрылған жұмыс комиссияларының қызмет процесін автоматтандыруға көмектесіп, Қазақстан Республикасында өткізілетін сатып алуларды мониторингтеу жүйесін құруға ықпал етеді.

«Біз қазір «Электронды сауда орталығымен» келіссөздер жүргізудеміз, өткізілген және жоспарланған барлық сатып алулар туралы ақпараттарды онлайн-тәртіпте алып тұруға келіскенбіз. «Самұрық-Қазына Келісімшартпен» де сөйлесіп үлгердік, негізінде түсіністік бар. Сондай-ақ NADLOC-пен де келіссөздер жүргізудеміз», – деді Елдос Рамазанов.

ҰКП төрағасының орынбасары Палата енгізіп жатқан Бизнес-реестр ақпараттық порталы туралы айтып берді. Порталда мемлекеттік сатып алулар, квазимемлекеттік сектордағы сатып алулар және жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алулары сияқты сатып алулардың барлық бағыттары туралы ақпараттардың барлығы енгізілетіндіктен, ол барлық кәсіпкерлерге «бір терезе» форматында барлық өзекті ақпараттарды алуға көмектеседі, сондай-ақ бизнестің B2B форматындағы қарым-қатынасын құруға мүмкіндік береді.

«Бизнес-реестр бір ай бұрын сынама тәртіпте іске қосылды. Бүгінгі таңда жүйеге 4260-тай әлеуетті отандық тауар өндірушілер тіркелді. Сайт 26 мың рет қаралған, 500-ден астам заңды тұлға сайтты белсенді түрде пайдаланады, жеке кабинеттері бар», – деді Рамазанов.

Одан бөлек, кеңейтілген отырыста ҚР ҰКП-ның тәуелсіз салалық сарапшылар институтын енгізу мәселесі сөз болды. Олар техникалық ерекшеліктер мен тапсырмалар әзірлесіп, бекітілгенге дейін қатысады. Қазіргі таңда ҚР ҰКП-ның тәуелсіз салалық сарапшыларының пулын құру жүргізілуде (қазірше 6 сала бойынша 32 сарапшы анықталды). Айта кетерлігі, техникалық ерекшеліктер мен тапсырмаларды салалық сараптау туралы талап «Самұрық-Қазына» ӘАҚ АҚ-ның жаңа сатып алулар стандарттарында бекітілген.

Өз кезегінде, «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС бас директоры Серікбек Елшібеков «Самұрық-Қазына ҰӘҚ» АҚ компаниясының сатып алуларына қатысу үшін жеткізушілерді біліктілігі бойынша қосымша іріктеу рәсімінің іске қосылғанын айтты. Ол Қордың бұдан ары қарайғы сатып алуларына біліктілігі бойынша қосымша іріктеуден өткен білікті әлеуетті жеткізушілер жіберілетінін атап өтті. Ал процестің ашықтығын арттыру үшін, біліктілігі бойынша қосымша іріктеу рәсімінің бір бөлігі ретіндегі техникалық аудиттер мүмкіндігінше «Атамекен» ҰКП өкілдерін тарта отырып, халықаралық аудиторлар мен тапсырыс берушілердің қатысуымен жеткізушінің тікелей өндірістік алаңында өткізілмек.

«Қазір біз отандық кәсіпкерлерді аталған рәсімнен өтуге және өндіретін тауарларының, жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің сапасын растауға белсенді түрде қатысуға шақырудамыз. Айта кетерлігі, біліктілігі бойынша қосымша іріктеу әдістемесі «Атамекен» ҰКП мен бизнес-қауымдастық өкілдерінің тікелей қатысуымен өзірленді. Одан бөлек, біліктілігі бойынша қосымша іріктеу процесінде ҰКП-ның индустриалды сертификатының бар-жоғын тексеруді қарастыру жоспарлануда, ол ҚР отандық кәсіпорындарының дамуын егжей-тегжейлі мониторингтеуге ықпал етеді», – деді Серікбек Елшібеков.

Сондай-ақ кездесуде «Самұрық-Қазынада» 2014-2022 жылдарға арналған өндірістерді жаңғырту мен жаңа өндірістер құруға ықпал ету бағдарламасы бар екендігі айтылды. Бұл бағдарламаны жүзеге асырудағы мақсат – «Самұрық-Қазына» компаниясының сатып алуларындағы импортты қысқарту.

Елшібеков «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алуларындағы маркетинг» порталының жұмысы туралы айтып берді. Ол тапсырыс бөушілерге ғана емес, кәсіпкерлерге де қолайлы болуы үшін әзірленген.

Естеріңізге сала кетсек, 2015 жылдың желтоқсан айында «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы алқасының төрағасы Тимур Құлыбаев пен «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының басқарма төрағасы Әмірзақ Шүкеев өзара іс-қимыл туралы келісімге қол қойған еді.

Қазақстан Республикасының ер өңірінде мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сатып алулар саласындағы отандық тауар өндірушілерді қолдау мәселесі бойынша жұмыс комиссиялары құрылды.

2016 жылдың 19 мамыры күні «Самұрық-Қазынаның» 8 ірі еншілес ұйымдарымен («Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ; «Қазатомпром» ҰАҚ» АҚ; «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ; «KEGOCO» АҚ; «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ; «Қазқазтелеком» АҚ; «Тай-Кен Самұрық» АҚ; «Самұрық-Энерго» АҚ) қазақстандық тауар өндірушілерді қолдау мәселелері бойынша әріптестік туралы келісімге қол қойылған еді. Олардың сатып алулар үлесі «Самұрық-Қазынаның» жалпы сатып алулар үлесінің 93,7%-на тең. Сонымен қатар, 2016 жылғы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ компанияларының жалпы сатып алулар көлемі 3 196 млрд теңге болды.

«Самұрық-Қазына ҰӘҚ» АҚ

Инвестиция

Нақты секторға инвестиция тартылады

Қазақстан даму банкі мен «АЛМЭКС» тобы жобаларды қаржыландыру мен шетелдік инвестиция тартуды бірге іске асырмақ.

«Қазақстан даму банкі («Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі) АҚ еншілес ұйымы») АҚ мен «АЛМЭКС» Холдингтік тобы») АҚ жобаларды бірлесе қаржыландыру мен Қазақстан экономикасына шетелдік инвестиция тарту жөнінде ортақ келісімге көлді. Келісім шартқа ҚДБ басқарма төрағасы Болат Жәмішев пен «АЛМЭКС» басқарма төрағасы Мәжит Есенбаев қол қойды.

ҚДБ серіктес ретінде «АЛМЭКС»-пен де, «АЛМЭКС Жоба» ЖШС, «Almex-Baiterek Fund» (тікелей инвестициялар қоры, оның инвесторлары «Бәйтерек» АҚ еншілес компаниясы – «Қазына Капитал Менеджмент») АҚ мен «АЛМЭКС Жоба» ЖШС) ЖШС сынды холдингтік топтағы аффилирленген компаниялармен де бірге жұмыс істемек.

«ҚДБ өзінің қызметінің құбылуына байланысты қаржылық тәсілдер бағытын кеңейтпек. Өйткені, бұлай істеу клиенттердің бүгінгі суранысына жауап береді. ҚДБ мен елдегі ірі жекеменшік қаржы холдингімен серіктес болу ұзақ мерзімді капиталды несиеге беруге мүмкіндік тудырады. «АЛМЭКС»-тің ҚДБ-дағы үлескерлік қаржылық салымдарының арқасында осылай етуге мүмкіндік бар. Ол қаржы экономиканың шикізаттық емес саласын дамытуға жұмсалады. Өңдеу саласындағы мол капиталды талап ететін жобаларға салынады. Оның ішінде азық-түлік саласы да бар», – деп түсіндірді ҚДБ басқарма төрағасы Болат Жәмішев.

«АЛМЭКС» басқарма төрағасы ҚДБ әлеуетін жоғары бағалады. «Мемлекет пен жекеменшік серіктестіктің ірі жобаларға инвестиция құятын жобаның сараптамалық тәсілдерін терең меңгерген, тиімді мониторинг жасай білетін ҚДБ сынды ірі деңгейдегі қаржылық институтпен бірлесу, ел экономикасының түрлі салалары мен секторларындағы жобаларға қан жүгіртетіні анық», – дейді Мәжит Есенбаев. Оның пікірінше, «бұл тәжірибе экономиканың белгілі бір саласына инвестиция құйғысы келетін жеке қаржылық институттарға жақсы үлгі болмақ».

Екі жақ бірлескен жұмыс тобын құруға келісті. Ол төрт ортақ жобаларды іздестіріп, тауып, қалай қаржыландыру керек деген мәселелерді реттейтін болады. Бұл жобаларға тікелей инвестиция мен несие бөлінеді және серіктестіктің жұмыс нәтижесіне мониторинг жасалады.

Анықтама:

«АЛМЭКС» – қаржылық нарықта инвестициялық қызметті жүзеге асыратын, банктік қызметін қоса орындайтын «Қазақстанның Халықтық банкі» АҚ еншілес компаниясы және «Сақтандыру брокері Қазақстан» АҚ арқылы Қазақстан Ресей, Қырғызстан елдеріне ұжымдық және жекекей қызмет көрсететін қаржылық холдинг.

«Қазақстан Даму Банкі» АҚ – Қазақстан экономикасының шикізаттық емес әрі құрылымдық секторларын дамыту және жаңғырту жөніндегі Ұлттық даму институты. Ол 2001 жылы құрылған ҚДБ «Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингі» АҚ құрылымына кіреді. Негізгі қызмет бағыты: өндірістік құрылымдар мен өңдеу өндірісін дамыту, ел экономикасына іштен және сырттан инвестиция тарту. ҚДБ ел ішіндегі индустриалды-инновациялық мемлекеттік бағдарламалардың ең ірі инвестициялық операторларының бірі.

«Қазақстан даму банкі» АҚ

Жария ету

Жария етілетін ақшаларды есептеу тәртібіндегі өзгерістер

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің (бұдан әрі- ҚР ҚМ) 2016 жылғы 21 маусымдағы № 325 бұйрығымен «Мүлікті жария ету туралы декларацияның нысанын және оны толтыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 27 қарашадағы № 593 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығына өзгерістер енгізілді.

Осы бұйрық 2016 жылғы 8 шілдеде №13895 Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелді, бірінші ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Жоғарыда көрсетілген түзетулер, валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдаланумен ұлттық валютада оның жария етілетін сомасын есептеу тәртібін өзгертуді көздейді.

«Мүлікті жария ету туралы декларацияны толтыру ережесі» бұрынғы редакцияда «жария етілетін ақша сомасы» жолында екінші деңгейлік банкта немесе почтаның ұлттық операторында тиісті ағымдағы шоттың ашылу күніне тиісті шетел валютасын ауыстыру нарықтық бағам бойынша ұлттық валютада ақша сомасы көрсетілген.

Олай болса, жария ету мақсаты үшін екінші деңгейдегі банкта немесе почтаның ұлттық операторында ашылған банктік шотқа оны есепке алған (аудару) күнге тиісті шетел валютасының ауыстыру нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға ақшаны жария ету сомасы қайта саналады.

Сондай-ақ соңғының шартында белгіленген екінші деңгейдегі банк арқылы (бұдан әрі- банк) хабарламамен тапсырыс хатпен почта бойынша мемлекеттік кірістер органына мүлікті жария ету туралы (бұдан әрі- декларация) декларацияны ұсыну, жария ету субъектісінің тілегі бойынша мүмкіндік туды.

Яғни, жария ету субъектілеріне ыңғайлы болу үшін «бір терезе» қағидаты іске асырылды, сол арқылы мемлекеттік кірістер органдарына бармай, мүлікті жария ету алымның төлеуге тиесілі сомасын банк арқылы төлеген кезде, азаматтарда тиісті декларацияны және оған ілеспе құжаттардың жөнелтуін жүзеге асыруға мүмкіндік болады.

Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұрағы ақпараттарын бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» 2014 жылғы 30 маусымдағы №213-V Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 1-бабына сәйкес, жария ету субъектісі Заңда белгіленген декларацияны тапсыру тәртібін, шарттарын және мерзімдерін, сондай-ақ жария етілетін мүлікке қойылатын талаптарды сақтамаған жағдайда мемлекеттік кіріс органы себебін көрсете отырып, декларацияны қабылдаудан жазбаша бас тартуды декларацияны тапсырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде береді.

Заңның жоғарыда көрсетілген нормаларын және жария ету субъектілермен кері байланыс мүмкіндігін іске асыру мақсатында, банктер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 72 қаулысымен бекітілген Почта байланысы қызметтерін көрсету қағидаларының 20-тармағына сәйкес жария ету субъектілерінен тұрғылықты жерінің толық мекенжайын міндетті түрде талап етуі қажет. Бұдан басқа, почта жөнелтілімдерін алғаны туралы хабарламадағы «хабарлама алушының мекенжайы» деген бағанда жария ету субъектісінің нақты мекенжайын көрсету қажет. Ол почта байланысындағы ұйымның декларацияны алғаны туралы хабарламаны жөнелтуші-банкке емес, жария ету субъектісіне жолдау үшін керек.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.

Қоғам және заң

Тыйым салынған заттардың енуінің алдын алу

«ЕС-164/8 мекемесі» РММ-де тыйым салынған заттардың ену жолдарын кесу, соның ішінде қоршаудан асыра лақтыруына жол бермеу бойынша барлық шаралар іске асырылады және осы бағыт бойынша жұмысты жақсарту шаралары қабылданды.

Бақылаушы-тексерушінің жұмыс белмесінде азаматтардың ұялы телефон, емиян мен басқа да мекеме аумағына алып өтуге болмайтын заттарын сақтауға арналған сейф, мекеме аумағын сырттай бақылауға арналған бейнебақылау теледидары және жазасын өтеуші азаматтарға туыстары әкелген сәлемдемелерді тексеруге арналған түрлі құрал-жабдықтар орналастырылған, сотталғандарға ұстауға рұқсат етілетін және рұқсат етілмейтін заттар мен бұйымдардың тізбесі жазылып, арнайы хабарлама тақтаға ілінген. Тексеру тобының бақылаушысы сырттан келіп жатқан сәлем-сауқаттарды, сәлемдемелерді зат немесе бұйым, азық-түлік өнімінің арасында тыйым салынған заттардың болуына тексеру жүргізу үшін заттардың тізбесін бақылаушы-тексерушіге береді. Бақылаушы-тексеруші тексеруге арналған түрлі құрал-жабдықтар арқылы сәлемдемеге келген заттарды мұқият тексереді.

Тыйым салынған аймақтың ішкі және сыртқы қоршауларына жақын орналасқан оқшауландырылған тәлімдерде қазулар, сындырған жерлер және ойықтар басқа да белгілері, бар болуына бақылау өткізілді және бастықтың РЖЖ жөніндегі орынбасары және рота командирі қатысуымен өткен ТК-рота кеңесінде атқарылған жұмыстың нәтижесі қаралды. ҰОҚ бойынша нормативтік құқықтық актілер мен жоспарға сәйкес, «ЕС-164/8 мекемесі» РММ-нің қызметтері сотталғандар қолдану үшін тыйым салынған заттардың аймаққа ену жолдарын анықтау бойынша, сонымен қатар мекеме қызметкерлерінің сотталғандармен және олардың туысқандарымен тыйым салынған байланыста болуын анықтау және мекеме қызметкерлерінің ұялы телефондарын қадағалау тобына тапсыруын тіркеу журналын тексеру бойынша жұмыс өткізіледі, тыйым салынған заттарды жасырып алып өту және ұялы телефонмен өту фактілері бойынша мекеменің БӨП тұрғын – жайына көнеттен тексеріс өткізіледі және тиісті шара қолданылады. ТМ-нің басшылығымен және қызметтер бастықтарымен тұрақты түрде сотталғандарға және олардың туыстарына жеке қабылдау жүргізіледі. Туындаған мәселелер бойынша шаралар қабылданады.

С.СӘДЕНОВ, КБКК әділет аға лейтенанты.

Жемқорлыққа жол жоқ!

Заң талаптары талқыланды

Үстіміздегі жылдың 3 тамызы күні Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің СҚО бойынша департаменті және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының СҚО бойынша департаменті қызметкерлерімен Солтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының қызметкерлеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласы жөнінде ақпараттандыруды арттыру мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.

Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы А.Б.Мұхамеджанова «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының негізгі ережелеріне, мемлекеттік қызметке өту тәртібі, сынақ мерзімін белгілеу, мемлекеттік қызметкерлердің ротациясы, мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақысын белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілігін есептеу Қағидалары және тәлімгерлік мәселеріне түсініктеме берді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының СҚО бойынша департаментінің инспекторы С.Н.Зайцева мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жағдайына баса назар аударып, СҚО бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінен мысалдар келтірді. Дөңгелек үстелдің өткізілуі барысында қатысушылардың барлық қызықтырған сұрақтарына қанағаттанарлық жауап қайтарылды.

Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің СҚО бойынша департаменті және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының СҚО бойынша департаменті.

Ақпараттық хабарлама

Тұрғындарымен байланыс орнатудың жаңа тәсілі

Мемлекеттік қызмет істерінің уәкілетті органы алғаш болып, «Skype» бейне қосымшасы арқылы тұрғындармен байланыс орнатудың жаңа әдісін енгізді.

Мемлекеттік қызмет істері министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы Ғалым Сұлтанұлы Тұрсынбаев, онлайн режимде азаматтарды жеке қабылдайды.

Аталған жаңашылдықтың мақсаты – мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, халықтың құқықтық сауатын арттыру, облысымыздың шалғай орналасқан елді мекендеріндегі тұрғындардың өзекті мәселелерін шешуге көмектесу болып табылады.

Бұған қоса, Департамент мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама жаңалықтарын жаңа форматта түсіндіруді де

қолға алды.

Қабылдау барысында аймақ тұрғындары өздерінің мемлекеттік қызметті өткеру және сыбайлас жемқорлыққа қарсылық таныту, халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсету, сондай-ақ Аймақтық оқыту орталығында мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыруға қатысты сауалдарын жолдай алады.

Облыс азаматтары облыстық Мемлекеттік қызмет істері уәкілетті органының бірінші басшысына кеңеске жүгінумен қатар, мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттеріне тікелей шағым жасау мүмкіндігіне де ие болды.

Департамент басшысы Ф.С.Тұрсынбаевтың мұндай қабылдаулары ай сайын әр айдың соңғы бейсенбісінде тұрақты түрде өтетін болады.

Мемлекеттік қызмет істері министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

Өз дініне берік бол!

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ - ТЕРРОРИЗМ ТҰЗАҒЫ

Қазір террорлық ұйымдар күш алып тұрған заман. Ислам атын жамылған ниеті бұзықтар әлем назарын өздеріне аударып отыр. Әлдебіреулердің саяси ойынынан қаншама мемлекетте жазықсыз халықтың қойша қырылып жатқанын көру қандай қасірет еді. Сөзге келгенде әлем қарсы болғанымен, іске келгенде бәрі басқаша болып тұр. Уақыт өткен сайын күш алып, жұмыр жерді дүрліктіретіндей бұл ДАИШ қайдан шыққан ұйым? Содырлардың сойылын соғу үшін біздің қандастарымыздың да Сирияға аттануына не себеп? Осы мәселелер жөнінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының кандидаты, доцент Сұлтанмұрат АБЖАЛОВПЕН сұхбаттасқан болатынбыз.

– Бүгінгіде террорлық ұйымдардың әрекеттері әлемді алаңдатып отыр. Солардың бірі – ДАИШ. Бұлар қайдан шыққандар? Мақсаттары не?

– Бұл террорлық ұйымның қалай пайда болғаны, мақсаты, қаржыландыру көздері жөнінде БАҚ-та аз айтылып жүрген жоқ. ДАИШ немесе ДАИШ бүгінгі таңда әлем қауымдастығының бас ауыртарлық мәселесі болып тұр. Аз ғана уақыт ішінде күшейіп кеткен терроршылар Ирак пен Сирияның аумағын қанға бөктіруде. Бұлар атышулы «әл-Каидадан» әлдеқайда асып түсті. ДАИШ сарбаздары қатыгез әрекеттерімен барша адамзаттың бойына үрей ұлатуда. Белгілі бір мемлекеттерге қоқан-лоққы ретінде шығарылған бейне жазбалары ғаламторды шарлап жүр. Олар үшін адам өмірінің еш құны жоқ екені осы бейне жазбалардан айқын көрінеді.

ДАИШ деген атаудың өзінде «Ислам мемлекеті» деген сөз бар. Яғни, бұл топ өзін ислам дінімен байланыстырады және жер бетінде халифат орнатуды көздейді. Ұйым 2014 жылы 25 маусымда өздерін халифат деп жариялады. Бұқара халық ертедегі Араб халифаты жөнінде, Осман халифаты жөнінде біледі.

– Шын мәнісінде ДАИШ-тың исламмен байланысы қандай?

– Шын мәнінде ДАИШ ислам дінін саяси құрал өткен террорлық топ. Дәл қазіргідей аяусыз қатаң жазалар, қатаң әрекеттер ислам тарихында бұған дейін болмаған. Терроршылардың қазіргі іс-қимылдары Құранға, Мұхаммед пайғамбар мен оның сахабаларының жолына қайшы. Бейбітшілікті ту еткен, мейірімділік пен сүйіспеншілікті таратқан дін ислам мен бүгінгі ДАИШ-тың жолы екі басқа. Қазіргі таңда сарапшылар бұл топтың діни құрыптарға немқұрайлы қарайтынын айтып жүр. Терроршылар арасында Құраннан, Пайғамбар сүннетінен хабарсыз жандар да көп. Олар, тіпті, адам саудасымен де белсенді түрде айналысуда. Міне, осы тәрізді дәйектер ДАИШ-нің исламнан алшақ екеніне дәлел бола алады.

– Ең өкініштісі, сол содырлардың қатарына біздің де азаматтар жүр ғой.

– Рас. Бұл өте өкінішті жағдай. Астана қаласының Есіл аудандық сотының 2015 жылғы 15 қазандағы шешімімен ДАИШ террорлық ұйым деп танылып, елімізде қызметіне тыйым салынды. Ресми мәлімет бойынша дәл осы террорлық ДАИШ ұйымы қатарында қазақстандық 400-ге жуық азамат соғысып жүрген көрінеді. Олардың арасында жас азаматтар көп. Жастардың ДАИШ-қа қосылуы туралы айтқанда бірінші кезекте елді сауатсыздықты сөз етеміз. Қазақ жастары әлі де діннің дұрысы мен бұрысын айыра алмауда. Әлдебір діни идеологиялық топтар діни сауаты төмен жастарымызды оп-оңай өз қатарларына қосып алып жатыр. Еліміздегі діни сауатсыздық мәселесінің төркінін біз кеңестік кезеңмен байланыстырамыз. Сол кезеңде діннен хабар жоқ болып өскен буын, бүгінгі күні өз ұрпағына жеткілікті діни тәрбие бере алмауда. Дегенмен, мәселеге осы құбылысты ғана кінәлап, еш әрекетсіз отыруға тағы болмайды. Діни сауаттылықты көтеру бойынша жүргізіліп жатқан шаралар өз деңгейінде жүруі тиіс. Ол үшін дін саласына жауапты мамандардың білгілілігі жоғары болуы, ҚМДБ имамдарының деңгейі экстремистік, сектанттық идеологтардан озық тұруы қажет. Қазір дін алаңында бәсекелі күрес жүріп жатыр. Салафилик, радикалдык, экстремистік топтар дәстүрлі ханафилик мәзһабымызда жүрген ҚР мұсылмандарын өз қатарларына тартуға барынша тырысып бағуда.

– Жұртты өздеріне магнитше тартатындай бұл топтардың нендей күші бар? Жастарды қалай иландырады?

– Назар салып қарайтын болсақ, қазіргі жастардың өмірлік құндылықтары өзгергенін байқаймыз.

Ақпараттық хабарлама

Мүлікті, соның ішінде ақша қаражаттарын заңдастыру бойынша акция жалаасуда. Заңға енгізілген соңғы өзгерту осы рәсімдерді айтарлықтай жеңілдетті және мерзімін 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартты. Енді ақшаларды екі тәсілмен заңдастыруға болады.

Бірінші тәсілі: «Қазпошта» АҚ немесе банктің ағымдық шотына ақша аудару және тұрған жері бойынша мемлекеттік кірістер органына арнайы декларацияны тапсыру арқылы. Банктің ағымдық шотына аудару арқылы заңдастырылған ақшаның иелері өз қалауынша қолдана береді, оны осы шотта сақтап қою қажеттілігі де жоқ.

Жаһанданумен бірге өнген техникалық жетістіктер әлем деңгейінде үстемдік жүргізуде. Осының әсерінен жастар арасында тұтынушылық психология басым, барлығын дайын түрде қабылдауға әбден үйрәніп алған Жас буын іздеген дүниесіне қысқа уақыт ішінде ғаламтор арқалы қол жеткізуге бейімделіп алды. Мұндай азаматтарымыз күндердің бір күнінде ойламаған жерден ғаламтордағы уағызшы-идеологтардың тұзағына түсіп қалуы мүмкін. Бір айта кетерлігі, білімі таяз азамат ғаламторды сана сүзгісінен, ой елегінен өткізуге дәрменсіз. Мұндай жастар түрлі әлеуметтік желілерде таралған ақпараттардың бәрін шынайы деп қабылдайды.

Ал ДАИШ ақпараттық кеңістіктің күшін өз мүддесіне өте тиімді пайдаланып жатқан террорлық ұйым. Олар өздерінің интернет-ресурстары, теле-радио каналдары, баспасөз құралдары арқылы белсенді насихат жұмыстарын үздіксіз жүргізіп жатыр. Сол үгіт-насихаттарын әлемнің 24 тілінде таратуда. Жер бетіне «ислам мемлекеті» орнатып, «әділеттілікті» таратамыз деген жалған ұрандары көпшілікке қызықты болып көрінуі мүмкін. Жас азамат олардың саяси мақсаттағы күресін жете түсіне алмай, шынайы дінді насихаттаушылар ретінде қабылдайды. Өзі де өмірде белгілі бір тығырыққа тіреліп, сансыз сауалдарға жауап таба алмаған азамат ДАИШ-тан пана тапқандай әсерде болады. Бұл тұста тұлғаның әлеуметтенуге яғни өмірдегі өз орнын табуға деген талпынысын аңғарамыз. Бұған дейін жолы болмай, сәтсіздікке ұшыраған жан ойға көп батады. Ақырында, өзінің жеке қабілеттерін шындап, жете алмаған жетістіктеріне Құдайдың жәрдемімен ДАИШ-те жетемін деген келте ойға тоқтам жасауы мүмкін. Бұдан соң біртіндеп жиһадшылар қатарына қосылуға әзірлікті бастайды. Ең соңында мұндай азамат «Мұсылман бауырларына» жәрдем беру үшін соғыс ошақтарына аттанып кетеді. Жас азамат нәліктен мұндай әрекетке барды? Әрине, бұл тұста радикалды ағымдардың халыққа жүргізген насихатының құпиялығы байқалады.

– Бұның барлығының алдын алу үшін біздің қоғамға қандай әрекет керек?

– Ол үшін елімізде ақпараттық саладағы жұмыстардың қарқыны жоғары болуы керек. Ақпарат кімнің қолында болса, ол адам халықты өзіне ерте алады. ҚР азаматтарының ДАИШ-тік және басқа да экстремистік мазмұндағы насихаттарға ілігуі жергілікті діни насихатта өлі де әлсіздіктер барын көрсетеді. ДАИШ-тықтар өзге де радикалды, деструктивті ағымдар тәрізді адам тарту әдістерін жетік меңгеріп алған. Олар адамдардың әлсіз тұстарын өмірдегі сұраныстарын өте жақсы біледі. Әлбетте, бұл секілді ұйымдардың аяқ астынан пайда болып, бірден дамып кетпейтіні белгілі. Олардың артында үлкен мүдделі күштердің бары қазіргі кезде ешкімге жасырын емес.

Ғаламтордан бөлек, тәрбие мәселесі де күн тәртібіндегі маңызды мәселе қатарында. Ата-аналардың балаларға дұрыс тәрбие бере алмауы әсерінен оларға дұрыс жол нұсқалмайды. Заман талабына байланысты қазір барлық ата-ана күнкөріс қамымен жүреді. Осының әсерінен бала тәрбиесі өз деңгейінен қалыс қалуда.

Жастардың ДАИШ тәрізді ұйымдар қатарына кіруіне себеп болатын келесі мәселе ол – әлеуметтік тұрғыдағы мәселелер. Бүгінгі таңда көп жастар тұрақты жұмысқа тұра алмайды, баспанаға қолы жетпейді. Кейбіреулерінің тиісті білімі жоқ, ал кейбірі қолдан жасалған кедергілер әсерінен өзі қалаған қызметке орналаса алмайды. Осыдан соң күзетшілік, даяшылық тәрізді қысқа мерзімді, болашағы жоқ қызметтер атқаруға немесе жұмыссыз болып жүруге мәжбүр болады. Өмірде осындай келеңсіздіктерге тап болып, іші наразылыққа толы жанды ДАИШ-та, өзге діни ағымдар да өз қатарына тез тарта алады.

– Жастар – аса үлкен күш. Бірақ, олардың тәрбиесімен айналысуға ата-ананың уақыты жоқ, дін өкілдерінде дәрмен жоқ. Енді қайтпек керек?

– Ол үшін жастардың әлеуметтік мәселелерін шешуіміз қажет. Тұрақты жұмыс орны, баспанасы, жеткілікті айлық табысы бар жас азамат радикалды ағымдар қатарына қосылмайды. Өз еліндегі тіршілікке қанағаттанған жанның өзге елдегі мақсатсыз, баскесерлік соғысқа қатыспасы анық. «ҚР ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп Ата заңымызда айқын көрсетілген. Қорыта айтқанда, мәселе тек ДАИШ-ке ғана келіп тірелмейді. Біз оданда басқа да қауіпті діни ұйымдар қатарына азаматтарымыздың қосылуына жол бермеуге тиіспіз. Ол үшін жоғарыда айтылған мәселелерді шешуге мұқият назар аударғанымыз абзал.

Сұхбаттасқан Жайық НАҒМАШ.

Екінші тәсіл: қазақстандық банктердің банк шотына ақша аудармай-ақ, арнайы декларацияны тұрған жері бойынша мемлекеттік кірістер органына тапсыру тәсілі. Бірақ, бұндай кезде бюджетке 10% алым төленеді.

Зандастыру салық жүктемелерінен босатады, әкімшіліктік және қылмыстық жауапкершіліктерді болдырмау және ел экономикасына қаржы салу мүмкіндіктерін береді. Зандастыру отандық экономияны дамытуға бағытталған құпия рәсім болып табылады.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 15 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН
5:40 Әнұран 5:45 ОЛИМПИАДА - 2016 ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА 7:35 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 ОЛИМПИАДА - 2016 БОКС 13:25 ОЛИМПИАДА - 2016 Грек-рим күресі 16:35 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 18:05 «СУРАЙЯ» Т/х 19:00 ОЛИМПИАДА - 2016 КҮНДЕЛІК 19:15 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 19:30 KAZNEWS 19:55 ОЛИМПИАДА - 2016 БОКС 22:25 KAZNEWS 23:10 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 23:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 0:00 «Үздікөндер» 0:55 ОЛИМПИАДА - 2016 ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ 4:05 ОЛИМПИАДА - 2016 АУЫР АТЛЕТИКА 6:05 Әнұран

ХАБАР
07:00 Олимпийские игры-2016 Греко-римская борьба Мужчины Финал 10:05 Дайджест новостей 10:20 Олимпийские игры-2016 Бокс Дневная сессия 13:10 Олимпийский дневник 13:20 Т/х «Тракторшының махаббаты» 14:05 «Рио-2016» 14:15 Т/с «Королева игры» 15:10 Олимпийские игры-2016 Легкая атлетика Финал 16:15 «Рио-2016» 16:25 Олимпийские игры-2016 Тяжелая атлетика Финал 18:30 «Біздің үй» 19:20 Олимпиада күнделігі 19:30 Т/х «Кеңесшілер» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Итоги дня 21:30 «Женский бокс: начало пути» Д/ф 22:00 Т/с «Осколки» 22:55 Олимпийские игры-2016 Спортивная гимнастика Финал 01:55 Олимпийские игры-2016 Бокс Вечерняя сессия

ЕВРАЗИЯ
6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕР-МЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «ЖДИ МЕНЯ» 11:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 11:10 «П@УТИНА» 11:35 «ЭН ДАРИЯ» 12:25 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 13:25 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/Х 14:20 «ТОЙ ЗАКАЗ» 14:50 Т/с «УЗНАЙ МЕНЯ, ЕСЛИ СМОЖЕШЬ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «РОДИНА» 19:00 Т/с «МЕЖДУ НАМИ, ДЕВОЧКАМИ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ФАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:40 «П@УТИНА» 0:00 «КРАСАВИЦА» Т/с 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»

РОССИЯ 1
04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» (12+) 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Каменская» 13.50 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Тайны следствия» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.00 Т/с «Письма на стекле» 23.50 XXXI летние Олимпийские игры

СЕЙСЕНБІ, 16 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН
6:55 Әнұран 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 ОЛИМПИАДА - 2016 БОКС 12:55 ОЛИМПИАДА - 2016 Грек-рим күресі 16:05 М/ф 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 18:05 «СУРАЙЯ» Т/х 19:00 ОЛИМПИАДА - 2016 КҮНДЕЛІК 19:15 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 19:30 KAZNEWS 19:55 ОЛИМПИАДА - 2016 БОКС 22:25 KAZNEWS 23:10 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 23:25 Кино «Эвелин» 1:00 Әнұран

ХАБАР
07:00 Олимпийские игры-2016 Греко-римская борьба Мужчины Финал 09:30 Олимпийские игры-2016 Бокс Дневная сессия 12:00 Олимпийский дневник 12:10 «Экономклас» 12:20 Т/х «Тракторшының махаббаты» 13:00 Т/с «Королева игры» 13:55 «Рио-2016» 14:05 Олимпийские игры-2016 Легкая атлетика Финал 16:50 «Рио-2016» 17:00 Олимпийские игры-2016 Тяжелая атлетика Финал 19:05 Олимпиада күнделігі 19:15 Т/х «Тракторшының махаббаты» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 Бюро расследований 21:00 Итоги дня 21:30 «Эйелдер боксы: құрбылар оқиғасы» Д/ф 22:00 Т/с «Осколки» 22:55 Олимпийские игры-2016 Спортивная гимнастика Финал 01:55 Олимпийские игры-2016 Бокс Вечерняя сессия

ЕВРАЗИЯ
6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕР-МЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 11:10 «П@УТИНА» 11:35 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 12:25 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 13:25 «ФАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:20 «ТОЙ ЗАКАЗ» 14:50 Т/с «УЗНАЙ МЕНЯ, ЕСЛИ СМОЖЕШЬ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 19:00 Т/с «МЕЖДУ НАМИ, ДЕВОЧКАМИ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ФАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:40 «П@УТИНА» 0:00 «КРАСАВИЦА» Т/с 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ»

РОССИЯ 1
04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» (12+) 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Каменская» 13.50 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Тайны следствия» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.00 Т/с «Письма на стекле» 23.50 XXXI летние Олимпийские игры

СӘРСЕНБІ, 17 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН
5:00 Әнұран 5:05 ОЛИМПИАДА - 2016 ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА 7:55 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 ОЛИМПИАДА - 2016 БОКС 12:55 ОЛИМПИАДА - 2016 БОКС 15:00

«Эйелбақыты» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:50 М/ф 18:05 «СУРАЙЯ» Т/х 19:00 ОЛИМПИАДА - 2016 КҮНДЕЛІК 19:15 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 19:30 KAZNEWS 20:20 «Айтуғаңай...» 21:05 «Үздікөндер» 22:40 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 22:55 ОЛИМПИАДА - 2016 БОКС 2:10 ОЛИМПИАДА - 2016 ФУТБОЛ 4:25 Әнұран

ХАБАР
07:00 Олимпийские игры-2016 Греко-римская борьба Финал 10:05 «Эйелдер боксы: құрбылар оқиғасы» Д/ф 11:00 Олимпийский дневник 11:10 Олимпийские игры-2016 Бокс Дневная сессия 13:30 «Рио-2016» 13:40 Олимпийские игры-2016 Легкая атлетика Финал 16:25 «Рио-2016» 16:35 Олимпийские игры-2016 Тяжелая атлетика 18:40 «Қайсар жандар» 19:05 Олимпиада күнделігі 19:15 Т/х «Тракторшының махаббаты» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Тағдыр жолы» 21:00 Итоги дня 21:30 Т/с «Такая работа» 22:15 Т/с «Осколки» 23:10 Олимпийские игры-2016 Синхронное плавание Финал 00:50 Музыкальный клип 00:55 Олимпийские игры-2016 Вольная борьба Финалы

ЕВРАЗИЯ
6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕР-МЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 11:10 «П@УТИНА» 11:35 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 12:25 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 13:25 «ФАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:20 «ТОЙ ЗАКАЗ» 14:50 Т/с «УЗНАЙ МЕНЯ, ЕСЛИ СМОЖЕШЬ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 19:00 Т/с «МЕЖДУ НАМИ, ДЕВОЧКАМИ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ФАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:40 «П@УТИНА» 0:00 «КРАСАВИЦА» Т/с 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ»

РОССИЯ 1
04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» (12+) 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Каменская» 13.50 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Тайны следствия» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.00 Т/с «Письма на стекле» 23.50 XXXI летние Олимпийские игры

БЕЙСЕНБІ, 18 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН
5:05 Әнұран 5:10 ОЛИМПИАДА - 2016 ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА 8:15 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 ОЛИМПИАДА - 2016 БОКС 13:00 «Біргетандаймыз!» 14:10 «Өмірдіңөзі новелла» Т/х 15:00 «Эйелбақыты» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:50 М/ф 18:05 «СУРАЙЯ» Т/х 19:00 ОЛИМПИАДА - 2016 КҮНДЕЛІК 19:15 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 19:30 KAZNEWS 19:55 ФУТБОЛ УЕФА ЕУРОПА ЛИГАСЫ Плей-офф раунды 1-матч «АСТАНА» (Қазақстан) - БАТЭ (Беларусь) 22:00 Кино «Анажүрегі» 0:15 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 0:30 KAZNEWS 0:55 ОЛИМПИАДА - 2016 ЭЙЕЛДЕР КҮРЕСІ 4:05 Әнұран

ХАБАР
07:02 «Бұйымтай» 08:00 Олимпийские игры-2016 Футбол Полуфинал /записи/ 09:35 Олимпийские игры-2016 Таэквондо Финал 12:35 Олимпиада күнделігі 12:45 Олимпийские игры-2016 Бокс Финал 15:15 «Рио-2016» 15:25 Т/х «Кеңесшілер» 16:20 «Әр үйдің сыры басқа» 16:50 «Рио-2016» 17:00 Т/с «Агенты справедливости» 17:50 «Ду-думан» 18:40 «Тур де Ха-бар» 19:05 Олимпийский дневник 19:15 Т/х «Тракторшының махаббаты» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Қайсар жандар» 21:00 Итоги дня 21:30 «Традиция побеждать» Д/ф 22:00 Т/с «Осколки» 22:55 Олимпийские игры-2016 Бокс Финал 01:00 «Тағдыр тартысы» 01:30 Қорытынды жаңалықтар 02:00 «Сотқа жеткізбей» 02:30 Қорытынды жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ
6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕР-МЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 11:10 «П@УТИНА» 11:35 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 12:25 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 13:25 «ФАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:20 «ТОЙ ЗАКАЗ» 14:50 Т/с «УЗНАЙ МЕНЯ, ЕСЛИ СМОЖЕШЬ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 19:00 «МЕЖДУ НАМИ, ДЕВОЧКАМИ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ФАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:40 «П@УТИНА» 0:00 «КРАСАВИЦА» 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ»

РОССИЯ 1
04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» (12+) 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Каменская» 13.50 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Тайны следствия» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.00 Т/с «Письма на стекле» 23.50 XXXI летние Олимпийские игры

ЖҰМА, 19 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН
7:00 Әнұран 7:05 ОЛИМПИАДА - 2016 ВОЛЕЙБОЛ 9:25 М/ф 10:00 ОЛИМПИАДА - 2016 БОКС 12:10 ОЛИМПИАДА - 2016 «Эйелдер күресі 15:00 «Эйелбақыты» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:50 «Шытырман» 18:05 «СУРАЙЯ» Т/х 19:00 ОЛИМПИАДА - 2016 КҮНДЕЛІК 19:15 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 19:30 KAZNEWS 20:15 «Айтуғаңай...» 21:00 «Сәлем, Қазақстан!» 22:25 «ҰЛЫ

ДАЛА БАЛАСЫ» Күнделік 22:40 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 22:55 ОЛИМПИАДА - 2016 БОКС 1:40 Әнұран

ХАБАР
03:23 ҚР Әнұраны 03:25 Олимпийские игры-2016 Легкая атлетика Финал Прямая трансляция 07:35 Олимпийские игры-2016 Прыжки в воду Финал 09:15 Олимпийские игры-2016 Вольная борьба Финал /записи/ 11:25 «Тағдыр тартысы» 12:00 Т/х «Тракторшының махаббаты» 12:40 Олимпиада күнделігі 12:50 Олимпийские игры-2016 Таэквандо Финал 15:55 «Рио-2016» 16:05 Т/х «Кеңесшілер» 17:00 «Рио-2016» 17:10 Т/с «Агенты справедливости» 18:00 «Ду-думан» 19:05 Олимпийский дневник 19:15 Т/х «Тракторшының махаббаты» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 Итоги дня 21:00 Олимпийские игры-2016 Синхронное плавание Женщины Финал 22:35 Қыдырәлі мен Қарақат «Бақыттымын өзіңмен» концерті 00:55 Олимпийские игры-2016 Вольная борьба Финал

ЕВРАЗИЯ
6:00 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 6:45 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 11:10 «П@УТИНА» 11:35 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 12:25 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 13:25 «ФАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:20 «ТОЙ ЗАКАЗ» 14:50 «НАДЕЖДА РУМЯНЦЕВА ОДНА ИЗ ДЕВЧАТ» 16:00 Кино «КОРОЛЕВА БЕНЗОКОЛОН-КИ» 17:30 «ЖДИ МЕНЯ» КАЗАХСТАН 18:40 «ЕВРАЗИЯ ЛОТО» 18:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ФАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:40 «П@УТИНА» 0:00 «ТРИ АККОРДА» 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:05 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 3:50 «САПА БАҚЫЛАУДА» 4:40 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»

РОССИЯ 1
04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 16.50, 19.00 Вести 08.55 «О самом главном» (12+) 10.35, 13.30, 16.30, 18.35 Вести-Москва 10.55 Т/с «Каменская» 13.50 Вести. Дежурная часть 14.00 Т/с «Тайны следствия» 17.15 «Прямой эфир». (16+) 20.00 «Петросян-шоу». (16+) 22.00 Х/ф «Не покидай меня, любовь» 00.00 XXXI летние Олимпийские игры

СЕНБІ, 20 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН
3:45 Әнұран 3:50 ОЛИМПИАДА - 2016 БАСКЕТБОЛ 6:10 KAZNEWS 7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:30 М/ф 8:55 «Сенбіліктаң» 10:00 ОЛИМПИАДА - 2016 Бокс 12:45 «АС БОЛСЫН!» 13:20 «Ұлы дала баласы» Күнделік 13:35 «Көршініңызы» 15:25 Кино «Біржан сал» 17:45 «Ұлы дала баласы» 19:00 ОЛИМПИАДА - 2016 КҮНДЕЛІК 19:15 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 19:30 KAZNEWS 20:15 «Үздікөндер» 21:20 «ҰЛЫ ДАЛА БАЛАСЫ» Күнделік 21:35 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 21:50 ОЛИМПИАДА - 2016 ФУТБОЛ 0:10 KAZNEWS 0:55 ОЛИМПИАДА - 2016 ЕРКІН КҮРЕС 4:05 Әнұран

ХАБАР
4:55 Олимпийские игры-2016 Легкая атлетика Финал 7:50 «Әсем әуен» 8:30 «Қызық times» 9:40 «Продвопрос» 10:05 Олимпийские игры-2016 Бокс Финал 12:35 Олимпийский дневник 12:45 «Жанды дауыс» 13:45 «Рио-2016» 13:55 Олимпийские игры-2016 Таэквандо Финалы 17:00 «Рио-2016» 17:10 Қыдырәлі мен Қарақат «Бақыттымын өзіңмен» концерті 19:30 Олимпиада күнделігі 19:40 «Бенефис-шоу» 21:00 Жаңалықтар дайджесті 21:15 Кино «Эффект колибри» 22:55 Олимпийские игры-2016 Бокс Финал 00:30 Т/х «Ұзақ жол» 01:20 Олимпийские игры-2016 Прыжки в воду Финал

ЕВРАЗИЯ
6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕР-МЕН 6:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 7:10 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 8:00 «ТАҢҒЫ ПОШТА» 8:35 «П@УТИНА» 9:00 «СМАК» 9:40 Кино «ТАРИФ СЧАСТЛИВАЯ СЕМЬЯ» 11:35 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:00 «112 НЕДЕЛЯ» 12:25 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/Х 13:25 «ТОЙ БАЗАР» 14:25 «П@УТИНА» 15:15 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 16:15 Кино «БЕРЕГА» 20:00 «ПЕРВАЯ ПРОГРАММА» 21:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 22:15 «БАСТЫ БАҒДАРЛАМА» 23:00 «ФАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 0:00 Кино «ДЬЯВОЛ НОСИТ ПРАДА» 2:00 «112 НЕДЕЛЯ» 1:40 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 2:40 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/Х 3:25 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 4:30 «ТАҢҒЫ ПОШТА»

РОССИЯ 1
04.25 Х/ф «Шпион» 06.40, 10.25, 13.20 Вести-Москва 07.00, 10.00, 13.00, 19.00 Вести 07.20 Россия. Местное время. (12+) 08.25 «Утренняя почта» 09.05 «Сто к одному» 10.35 «Измайловский парк». (12+) 13.30 Х/ф «Любовь нежданная нагрянет» 17.05 Концерт Игоря Николаева 19.35 XXXI летние Олимпийские игры

ЖЕКЕНБІ, 21 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН
7:00 Әнұран 7:05 ОЛИМПИАДА - 2016 ВОЛЕЙБОЛ 9:25 М/ф 10:00 ОЛИМПИАДА - 2016 БОКС 11:40 ОЛИМПИАДА - 2016 ФУТБОЛ 13:55 ОЛИМПИАДА - 2016 ЕРКІН күрес 17:00 «Ұлы дала баласы» Күнделік 17:10 ОЛИМПИАДА - 2016 КҮНДЕЛІК 17:25 ОЛИМПИАДА - 2016 ЕРКІН КҮРЕС 20:25 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 20:40 «АПТА.КЗ» 21:10 «ҰЛЫ ДАЛА БАЛАСЫ» Күнделік 21:20 «ҰЛЫ ДАЛА БАЛАСЫ» 22:35 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО ТӨРІНДЕ» 22:55 ОЛИМПИАДА - 2016 БОКС 1:05 ОЛИМПИАДА - 2016 ВОЛЕЙБОЛ 3:20 Әнұран

ХАБАР
04:55 Олимпийские игры-2016 Легкая атлетика Финал 08:00 Олимпийские игры-2016 Водное поло Мужчины Финал 10:00

«Мектепке жол» акциясы

БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАЙЫҚ!

Құрметті аудан тұрғындары және жеке кәсіпкерлер!

Жаңа 2016-2017 оқу жылын ұйымдастыру мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызынан 30 қыркүйекке дейін республика бойынша «Мектепке жол» атты республикалық акциясын өткізу жарияланды.

Азқамтылған отбасылары мен көпбалалы отбасыларынан шыққан балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мектепке барар кезінде демеу жасау, киім-кешек, аяқ-киім, кеңсе тауарлары және т.б заттардың жоқтығынан баланың мектепке келмей қалудың алдын-алу - акцияның ең басты мақсаты болып табылады.

Аудан тұрғындарының барлығын тұрмысы төмен және көпбалалы отбасыларының оқушыларына, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек беруге шақырамыз.

Саумалкөл қазақ орта мектебі. Телефоны: 28-239, 28-238.

Тұрғындарға жадынама

Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы халықты ақпараттандыру мақсатында, террористік қауіптіліктің бірқалыпты («сары»), жоғары («қызылт») және шекті («қызыл») деңгейлері орнатылуы мүмкін.

Бірқалыпты деңгейде келесі іс-әрекеттер ұсынылады: Қоғамдық орындарда болған кезде айналадағылардың әрекеттерінің оғаштығына және сыртқы түріне, иесіз күдікті заттар мен автокөліктерге назар аудару.

Барлық күдікті жағдайлар жөнінде құқық қорғау органдарына хабарлау. Полиция тарапынан белсенді көңілге түсіністік білдіріп, оларға көмек көрсету.

Күдікті заттарды уақытша сақтау және тасымалдау үшін қабылдамау. Күдікті заттарға жақындауға, қозғалтуға және ашуға тыйым салынады. Жанұядағы кәрілер мен балаларға барлық табылған иесіз заттар олардың өміріне қауіп төндіретіндігін түсіндіру.

Облыс аймағында орын алған оқиғалар жөнінде хабардар болу. Жоғары деңгейде ұсынылады:

Халық шоғырланатын орындарға баруды шектеу. Полиция қызметкерлерінің талабы бойынша жеке куәлікті немесе басқа да құжаттарды ұсыну.

Қоғамдық ғимараттарда болғанда өрт кезінде қолданатын қосалқы шығу есіктерінің және көрсеткіштердің орналасуына көңіл аудару.

Тұрғын үйлердің маңындағы бейтаныс адамдар мен автокөліктерге көңіл аудару.

Аса пішінді заттарды өзімен бірге тасымалдаудан бас тарту. Жанұя мүшелерімен төтенше жағдай туындағанда іс-әрекеттер жоспарын талқылау.

Шекті деңгейде бірқалыпты және жоғары деңгейлерде атқарылатын іс-әрекеттерден басқа ұсыналады:

Тұрып жатқан үйдің тұрғындарының кезекшілігін ұйымдастыру, бөтен адамдар мен автокөліктердің пайда болуына көңіл бөлу.

Террористік қауіптіліктің деңгейі орнатылған аудандарға жол жүруді кейінге ауыстыру.

Эвакуацияға дайындалу.

Терроризм актісі жасалған орында дүрбелендікке берілмеу, қызығушылық танытпау, бейне және фото түсірілім жүргізбеу.

Теледидар немесе радиоқабылдағышты үнемі қосылған күйі ұстау. Терроризм актісінің қауіпі жөнінде жалған ақпаратты таратпау.

Семинар

Азаматтық институттармен байланыс орнатудың маңызы

Ағымдағы жылғы 8 тамызда Мемлекеттік қызмет істерінің облыстық департаменті Қазақстан халқының Ассамблеясында этномәдени орталықтарының жастар қанаты өкілдерінің қатысуымен семинар ұйымдастырды.

Сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының бас маманы Серік Айдарбеков өз баяндамасы аясында кездесуге қатысушыларды Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің және оның аумақтық бөлімшелері жұмысының басым бағыттарымен таныстырып, тұрғындар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелеріне кеңінен тоқталып өтті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қ

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	11/08 БС	12/08 ЖМ	13/08 СН	14/08 ЖК	15/08 ДС	16/08 СС	17/08 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+27 +19	+26 +17	+24 +16	+25 +15	+24 +16	+25 +16	+26 +14
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		736	738	739	737	736	737	735
Желдің бағыты		С	Ш	Ш	С-Ш	С-Ш	Ш	Ш
Желдің шапшаңдығы		2	4	3	4	3	3	3

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Білім беру

ЖАҢАРТЫЛҒАН «КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӨНІ

Жеке өз басым қаймақ қосылған бүлдіргенді жақсы көремін, алайда, неге екені белгісіз, балық құрттарды жақсы көреді. Сондықтан да, балыққа бара жатқанда өзімнің жақсы көретінімді емес, балықтың жақсы көретінін ойлап барамын. Дейл Карнеги.



Қазіргі таңда білім беру жүйесінің мақсатының бірі – әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және қоғам қажеттіліктеріне сай көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында 2016 жылының 1-қыркүйегінде 1 сыныпқа «Көркем еңбек» пәні енгелі тұр. «Бейнелеу өнері» пәні жаңаша «Көркем еңбек» деп аталады. Оқу жүктемесі аптасына 1 сағат берілген.

Бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы аясында әзірленген осы «Бейнелеу өнері бағдарламасы» бойынша 18.07-22.07.2016 ж. аралығында ауданымыздан алты әріптесіммен жаңартылған «Көркем еңбек» пәні бағдарламасымен Петропавл қаласында «Педагогикалық шеберлік орталығы» ұйымдастырған бір апталық курста болдық. Көріп үйренгеніміз, ойға түйгеніміз көп болды.

«Бейнелеу өнері» пәнінің білім беру бағдарламасы арқылы оқушылар өз бойында осы пәннің өзіне тән білім, білік, және дағдыларын дамытатын болады.

«Бейнелеу өнері» пәнін оқытудағы мақсаты көркемөнерді оқытумен байланысты үдерістен көрініс табады, оның құрамына идеяларды зерттеу және әзірлеу, өнер туындыларының суретін салу және жасау, сонымен қатар, идеялармен бірге алынған нәтижелерге де шолу жасау, талдау және бағалау да кіреді. Оқушылар бұл дағдыларды суретшілердің, қолөнер шеберлерінің және дизайнерлердің жұмыстары арқылы өз жұмысын жасайды.

Бейнелеу өнері мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың

креативті ойлауын дамыту және түсініктерін нығайту мақсатында пәнді сындарлы зерделеуге ынталандыратын шығармашылықты дамытуға арналған мүмкіндіктерді арттыру.

«Бейнелеу өнері» пәнінің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары үшке бөлінеді.

1-бөлім: Идеяларды зерттеу және дамыту;

2-бөлім: Жасау және дайындау;

3-бөлім: Таныстырылым, талдау және бағалау

Оқу бағдарламасы спиральді білім беру бағдарламасы моделіне негізделеді, оның негізінде оқушылар келесі сыныпқа ауысқан сайын зерделенетін материалдар мен білім қайталанып отырады деген тұжырым жатыр.

Себебі оқушылар сыныптан сыныпқа көшу барысында олардың түсініктері қалыптасып, дағдылары шындалған сайын, сурет салу қабілеттеріне деген сенімі артады.

1-сынып - Өз жұмысы туралы қарапайым түсініктеме жасайды.

2-сынып - Өз жұмысын жақсарту туралы қарапайым пікірлер, қысқаша түсініктеме жасау.

3-сынып - Өзінің және өзгелердің жұмысы туралы сындарлы ұсыныс жасау және қабылдау; өз жұмысын жақсарту үшін идея ұсыну және түсіндіру;

4-сынып - Өз жұмысы мен басқалардың жұмысын жақсарту үшін сындарлы пікір қабылдау және негізделген ұсыныс енгізеді;

Оқушылардың «Бейнелеу өнері» пәнін оқытудағы үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқытудың бір бөлігі ретінде қолданылады. Ішкі жиынтық бағалау әр тоқсанның соңында және оқу жылының соңында оқушылардың үлгерімін бағалау үшін қолданылады.

«Бейнелеу өнері» пәні оқушылардың қызығушылықтарын арттыратын пән. Бұл сабақта тек бояу, қылқалам мен қарындаштармен жұмыс жасамайды. Сонымен қатар саусақтың ұшымен алақанмен алақанның қырымен әртүрлі жемістер, құм т.б құралдармен шығармашылықтарын арттыра алады. Аталған курс тренері Уәлиева Гүлзира Серікқызына айтар алғысымыз шексіз болды. Өйткені курс соңында онлайн тест тапсырып 30 әріптесім бұл сынақтан сүрінбей өтті. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытыңда жаса» - деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнің өз мамандығын шексіз сүйетін бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Махаббат ЖҮКЕНОВА,

Саумалкөл қазақ ОМ-нің бастауыш сынып мұғалімі.

Жазғы демалыс

Жаз жайнамып, күн күлдіріп...



Қазіргі уақытта әлеуметтік экономикалық даму кезеңінде денсаулық сақтаудағы жеке тұлғаның рөлі көтерілуде. Денсаулықты қалыптастыру факторының ең негізгісі салауатты өмір салты екендігі көптеген ғалымдардың еңбектерінде көрсетіледі. Бала денсаулығы - ең жоғарғы әлеуметтік құндылық.

Осыған орай, Сулықөл бастауыш мектебі жанындағы «Балдырған» жазғы демалыс лагері де биылғы жазғы маусымдағы кезекті жұмысын 1 маусымнан бастады. Балалардың жас мөлшері 7 жастан 10 жасқа дейін. Лагерьде ойын алаңдары, спорттық ойындар мен сайыстар өткізілуіне арналған толық жағдайлар жасалды. Лагерь бағдарламасын мектеп меңгерушісі Жақанова Б.С., медбике Омарова А.К. және бастауыш сынып мұғалімі Ахметжанова Б.К. балалардың қызығушылығы мен психологиялық жас ерекшеліктерін есепке ала отырып жасады. Балалар жадыраған жаздың көңілді сәттерінен алған әсерлеріне мез-мейрам. Жаңа оқу жылын жақсы көңіл-күймен зор денсаулықпен және білімге деген мол құштарлықпен бастайтындарына сенімдіміз.

Баян АХМЕТЖАНОВА,
Сулықөл БМ-нің мұғалімі.

Құттықтаймыз!



Сарыөзек ауылының тумасы, Астана қаласының тұрғыны, құрдасымыз, ауылдасымыз, соңымыздан еріп келе жатқан бауырымыз **Асқар Қабылқайұлы Иманбаев** тамылжыған тамыз айының 7-і күні 44 жасқа толып отыр.

Ардақты да ақкөңіл бауырымызға осынау туған күнінде зор денсаулық, басына амандық, шаңырағына шаттық тілеп, бала-шағасының қызығына кенеліп, зайыбы Қарлыға екеуі өсіп келе жатқан алтындай Алтын есімді қыздарының кезайымы болып орталарында аман-сау жүре беруіне тілектеспіз!

Туған күнің құтты болсын, құрдас! Әрдайым жүзіңнен саңқылдаған күлкі кетпесін! Жора-жолдастарыңның, құрдастарыңның ортасында әрқашан мерейің үстем болсын! Аспаның ашық, жүзің жарқын, шаттық-қуаныштарың мол, көңілің ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе бер!

Өмірде қуанышты күнің бүгін,

Болсыншы қызық-дұман әрбір күнің!

Ақ көңіл, мейірімді бола бер деп,

Мол бақыт тілейміз саған бүгін!

Ақ тілекпен: құрдастарың – Орал, Бағлан, Сәрсенбай, Нұртай. Саумалкөл ауылы.

Арықбалық ауылдық округі әкімінің азаматтарды қабылдау кестесі

«Арықбалық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі **Шарапов Қалымтай Қаратайұлы** әр күн сайын сағат 09.00-ден 11.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселері бойынша қабылдайды

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Арықбалық ауылдық округ әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқықбұзушылықтарды, Ар-намыс кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

«Арықбалық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 41-1-41 сенім телефоны қызмет етеді

* * *

«Казанка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

«Казанка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі **Городецкий Алексей Владимирович** әр аптаның сәрсенбі және бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқықбұзушылықтарды, Ар-намыс кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

«Казанка ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 8 (71533) 23-148 сенім телефоны қызмет етеді.

“Айыртау–Информ” ЖШС

ОФСЕТТІК,
ГАЗЕТТІК.

қағаздар

сатады

Тел. 79-0-04

Володар көмір базасы

“УМАР.KZ” ЖШС

ҚАРА-ЖЫРА

- сұрыптық;
- тұтынушылық;
- қарапайым.

ҚАРАҒАНДЫ
КӨМІРЛЕРІН

сатады

Тел. 93-5-50.

OTAU

Intelsat

KazSat-3

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖЕРСЕРІККЕ
ауысыңыз

01.09.2016ж. дейін

және кепілдендірілген
сыйлық алыңыз!

193, +7 (7152) 36 04 70,
55 14 44 (i.n. 6609, 6616)

www.otautv.kz

Меншік иесі және басып шығарушысы
«Айыртау-Информ» ЖШС-і.
Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
басып шығарылады және мемлекеттік
ақпараттық саясатты жүргізуде ресми
басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы
Ирина БУРКОВСКАЯ
Редактор
Бағлан ҚОЖАҚОВ
Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы,
Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші
Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА
Басушы-теруші
Елена НЕСВЕТЕЕВА
Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.

Индексі 65844. Таралымы 1575, № 1135 тапсырыс
Қазақстан Республикасының
Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық
келісім Министірілігінде
30.05. 2008 жылы есепке қойылған.
Есепке қою № 9246-Г.
Газет бейсенбі күні шығады.

Газетте жарық көрген
оқырман пікірлері редакцияның
кезқарасын білдірмейді,
жарияланбаған материалға жауап
берілмейді.